



2-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАКРОЭКОНОМИКА

Экономика қоғамдық ғылым мен
саясат құралы ретінде





1. Қоғамдық мүддені айқындайтын әлемдік төрт мәселе
2. Нарықтық капитализмге қарсы наразылық
3. Экономика мамандығы бойынша қызметтер

Қоғамдық мүдде күрделі тақырып, ол түрлі сұрақтар, пікірталастар, айтыстар мен келіспеушіліктер тудырады. Қазіргі әлемдегі төрт мәселе осы сұрақтарды біршама нақтылайды. Олар:

- жаһандану
- ақпарат заманы монополиясы
- климаттың өзгеруі
- қаржылық тұрақсыздық

Жаһандану.

«Жаһандану» термині халықаралық сауда, несие беру және алу, инвестиция салудың кеңеюін білдіреді.

Nike спорттық аяқ киім өндіргенде, Малайзиядағы адамдар жұмыспен қамтамасыз етіледі; China Airlines сатып алатын ұшақтарды Сиэтл қаласындағы Boeing кәсіпорнында жұмыс істейтін америкалықтар жасайды. Жаһандану кейбір жұмысшылардың өндіріс пен жұмыс орындарын кеңейтеді, ал көптеген америкалықтардың жұмыс орнын жояды. Өндеуші өнеркәсіптің барлық салаларының қызметкерлері жаңа дағдылар меңгеруі, көбінесе аз төлейтін жұмысқа орналасуы немесе жоспарланғаннан бұрын зейнетке шығуы тиіс.

Жаһандану басқа елдерде өндірілетін арзан тауарлар мен қызметтерді сатып алатын тұтынушылардың мүддесін көздейді. Тауарлар мен қызметтерді төмен шығынмен өндіретін және оларды жоғары бағамен сататын трансұлттық фирмалардың мүддесін көздейді. Бірақ жаһандану Малайзияның жалақысы төмен болса да, сізге жаңа кроссовка тігіп беретін жұмысшысы мен Атланта қаласындағы жұмыстан қысқартылған аяқ киім тігушінің жеке басының мүддесін көздей ме? Бұл қоғам мүддесі үшін бе?

Көрінбейтін қол

Сыра қайнатушыдан бастап биотехнология саласындағы кәсіпкерге дейін

Киран Мазумдар-Шоу сыра қайнатушы мамандығына оқыды, биофармацевтикалық препараттар жасалатын ферменттерді зерттеді. Үндістанда әйел баласының сыра қайнату шебері бола алмайтынын түсінген 25 жасар Киран биофармацевтикалық кәсіппен айналысуды шешті.

Киран өзінің Biosop атты кәсіпорнына білімсіз жұмысшылар жалдады. Олар жұмысты ұнатты, жоғары еңбекақының арқасында қолдары жеткен жақсы тұрмыстарына риза болды. Бірақ оның ісіне кәсіподақ араласып, жұмысшыларды өз қатарына кіргізіп қауымдастырды. Киран бұған ренжіп, жұмыс орындарын автоматтандырып, жұмысшыларды жұмыстан босатып, орнына білімді жұмысшылар жалдады. Biosop дамып, өсе берді, бүгінде Киранның байлығы \$1 млрд-тан асады.

Киран адам өмірін жақсартатын био-фармацевтикалық препараттар жасап байыды. Бірақ Киран өз байлығымен бөлісуде шығармашылық қабілетін іске қосуда. Ол мыңдаған өте кедей пациенттерге көмектесу үшін обырды емдеу орталығын ашты, медициналық сақтандыру жүйесін құрды.

Осыдан келесідеу сұрақтар туындайды:

- Бұл әңгімеде кімнің шешімі жеке мүддені көздейді
- Кімнің шешімі қоғам мүддесін көздейтін болып шықты?
- Қандай да бір шешім қоғамдық мүддеге зиян келтірді ме?

Жауап келесідей:

- Киранның, жұмысшылардың, кәсіподақтың және клиенттердің—барлығының шешімі—өз мүддесін көздейді.
- Киранның шешімдері қоғамдық мүддеге қызмет етеді: Ол өз жұмысшыларына пайда әкелетін жұмыс ұйымдастырып, клиенттеріне қажет өнімдер шығарады. Ал оның қайырымдылық қызметі одан да көп қоғамдық игіліктер әкеледі.
- Кәсіподақтың шешімі қоғамдық мүддеге зиян келтіруі мүмкін, өйткені ол білімсіз жұмысшылардың жұмыс орнын жойды.



Ақпарат дәуірінің монополиясы.

Соңғы қырық жылдағы технологиялық өзгерістер ақпараттық революция атауына ие болды. Microsoft компаниясының тең құрылтайшысы Билл Гейтс осы революцияда маңызды рөл атқарды. Көптеген жылдар бойы Windows компьютер (PC) үшін жалғыз қолжетімді операциялық жүйе болды. PC мен Mac бәсекелес болды, бірақ PC нарықта үлкен үлес алды.

Бәсекелестіктің болмауы Microsoft-тың Windows-ты өнімнің өзіндік құнынан едәуір асып түсетін бағаға сатуына мүмкіндік берді. Баға төмен болса, көп адам компьютер сатып ала алар еді.

Ақпараттық революция сіздің жеке мүддеңізге қызмет етіп жатқаны анық: Ол смартфон, ноутбук және көптеген ыңғайлы қосымшалар мен интернет ұсынды. Ол сондай-ақ Билл Гейтстің мүддесіне қызмет етті, Билл Гейтс тез арада қатты байып кетті.

Бірақ ақпараттық революция қоғамдық мүддеге жақсы қызмет етті ме? Microsoft—Windows деп аталатын ең жақсы операциялық жүйе өндіріп, оны қоғамдық мүддені көздейтін бағаға сатты ма? Әлде ол жүйенің сапасы өте нашар, бағасы қымбат болды ма?

Климаттың өзгеруі.

Ұшақ, автомобиль, жүк көліктері үшін жанармай өндіру және электр энергиясын өндіру үшін қазбалы отынды жаққаннан атмосфераға жыл сайын 28 млрд тонна көмірқышқыл газы шығады. Ол адам басына шаққанда 4 тоннадан келеді. Үштен екісі АҚШ-қа, Қытайға, Еуроодаққа, Ресей мен Үндістанға келетін бұл көміртегі шығарындылары жаһандық жылынуға және климаттың өзгеруіне әкеледі.

Өз мүддеңізді көздеп, электр энергиясы мен жанармайды қолданғанда, сіз қоршаған ортаны ластайсыз. Ағаш отырғызу, велосипед тебу, жаяу серуендеу арқылы қоршаған ортаны ластамауға болады.

Бірақ қоғам мүддесі үшін жер бетінде көмірқышқыл газының шоғырлануына әсер ететін шешім қабылдарда әрқайсымызға сенім артуға бола ма? Үкімет жеке бастың таңдауы қоғамдық мүддені де көздеуі үшін біз бетпе-бет келіп отырған ынталандыруларды өзгертуге тиіс пе? Үкімет ынталандыруды қалай өзгерте алады? Климаттың өзгеруіне алып келетін қазба отын түрлерін жағудың орнына жел мен күн энергиясын пайдалануға қалай ынталандыра аламыз?

Қаржылық тұрақсыздық.

2008 жылы банктердің жағдайы нашар болды. Банктерден қарыз алушылар қарызын өтей алмады. Бағалы қағаздардың құны түсіп кетті.

Банктердің депозитке ақша алуы мен несие беруді таңдауы өз мүддесі тұрғысынан жүзеге асырылады, бірақ бұл қоғамдық мүддеге қызмет ете ме? Банктер пайда табу үшін тым көп несие бере ме?

2008 жылы банктердің жағдайы қиындаған кезде АҚШ-тың Федералдық резерв жүйесі (ФРЖ) оларды салық төлеушілердің ақшасымен қамтамасыз етілген үлкен несиелермен аман алып қалды. ФРЖ-ның проблемалық банктерге көмегі қоғамдық мүддеге қызмет етті ме? Әлде ФРЖ-нің құтқару операциясы банктерді болашақта қауіпті несие беруін тағы қайталауға түрткі бола ма?

Біз әлемде үлкен маңызы бар төрт мәселені қарастырдық. Өз мүддесі мен қоғамдық мүдде арасындағы үлкен қақтығысты сипаттайтын көптеген сұрақтар қойдық. Бірақ оларға жауап бермедік, өйткені ол үшін қажетті экономикалық заңдылықтарды түсіндірмедік. Бұл сұрақтарға келесі дәрістерде жауап береміз.

Нарықтық капитализмге қарсы наразылық

Нарықтық капитализм дегеніміз—адамдар жер мен капиталды иеленіп, жерді, капиталды, тауарлар мен қызметтерді нарықта еркін сатып ала алатын және сата алатын экономикалық жүйе. Тауарлар мен қызметтер нарығы жер және капитал нарығымен бірге тауарлар мен қызметтердің қай түрі, қалай және кім үшін өндірілетінін анықтайтын жеке бас мүддесі таңдауларының миллиардтарын үйлестіреді. Бірнеше адам орташа табыстан бірнеше есе көп табыс табады. Аз ресурстарды пайдалануды үйлестіретін жоғары жоспарлаушы жоқ. Нәтиже алдын ала ойластырылмаған және күтілмеген.

Орталықтандырылған жоспарлы социализм дегеніміз — үкімет бүкіл жер мен капиталды иеленіп, жұмысшыларды жұмыс орындарына орналастырып, тауар мен қызметтің қай түрін, кім үшін және қалай өндіру керектігін шешетін экономикалық жүйе. Бұл жүйені бұрын Кеңес Одағы, Шығыс Еуропадағы бірнеше ел, Қытай қолданған, бірақ енді одан бас тартты. Бүгінде бұл жүйеге тек Куба мен Солтүстік



Корея кіреді. Жоғары лауазымды бірнеше бюрократ орта есеппегі адам табысынан көп есе асатын жалақы алады.

Бүгінде біз мемлекеттік реттеу мен нарықтық капитализмнен тұратын аралас экономика жүйесіндеміз.

Наразылық

Нарықтық капитализмге қарсы наразылық түрлі формалар қабылдайды. Тарихта Карл Маркс және басқа да коммунист және социалист ойшылдар нарықтық капитализмді социализммен және орталықтан жоспарлаумен алмастырғысы келді. Бүгінде мыңдаған адам нарықтық капитализмді ұнатпай, мемлекеттік реттеу жүйесінің орнауын қалайды. Табысы ең көп 1%-ды құрайтын жоғары табыстыларға ғана назар аударатын «Occupy Wall Street» қозғалысы — бүгінгі наразылықтың жарқын мысалы. Наразылық білдірушілердің ұстанымдары келесідей:

- Ірі корпорациялардың (әсіресе ірі банктердің) үкіметке ықпалы өте күшті.
- Демократиялық сайланған үкіметтер үйлестірілмеген нарықтарға қарағанда ресурстар мен табыстарды жақсы бөле алады.
- Қоғамдық мүддені көбірек реттеп, корпоративтік ашкөздікті емес, адам қажеттіліктерін қанағаттандыру керек.
- Нарықта бір жеңімпазға бір сәтсіз адамнан келеді.
- Ірі корпорациялар — жеңімпаздар. Жұмысшылар мен жұмыссыздар — сәтсіз адамдар.

Экономистің жауабы

Экономистер нарықтық капитализмнің мінсіз емес екендігімен келіседі. Бірақ олар нарықтық капитализмді қолда бар жүйелердің ішіндегі ең жақсысы санайды. Кейбір мемлекеттік араласу мен реттеу шаралары көмектесе алады, ал үкіметтің қоғамдық мүддеге қызмет етуге талпынысы көбінесе оған зиян келтіреді.

Нарықтық капитализмнің қалай жұмыс істейтіні туралы бірінші жүйелі есеп берген Адам Смит былай дейді:

- Ірі корпорациялардың мүддесі — барынша көп пайда табу.
- Бірақ көзге көрінбейтін бір қол өз мүддесін көздейтін өндірістік шешімдерді қоғамдық мүддеге қарай жетелейді.
- Саясаткерлер кәсіпорындарды реттеуге немесе нарыққа араласуға нашар дайындалған. Олар нарықтық нәтижелерді жақсартуға алады деп ойлайтындар қателеседі.
- Нарықта сатып алушылар өздеріне керектіні төлей алатыннан аз бағаға алады, ал сатушылар пайда табады. Сатып алушылар да, сатушылар да пайда көреді. Нарықтық транзакция «теңбе-тең, ұтыссыз» іске асады.

«Біз кешкі асымызды қасапшының, сыра қайнатушының немесе наубайшының мейірімділігінен емес, олардың өз мүдделеріне деген ұстанымынан күтеміз», — дейді Адам Смит «Халықтар байлығы» еңбегінде.

Экономика бойынша маманданған түлектер қандай жұмыс істей алады? Экономикадағы жұмыс орындары санының өсуі немесе қысқаруы күтілуде ме? Экономикалық ЖОО түлектері қанша табыс табады? Экономист болып жұмыс істеу үшін қандай дағдылар қажет?

Экономика мамандығы бойынша қызметтер

Экономика саласына мамандану философия магистрі немесе философия докторы дәрежесін алуға және экономист мансабына есік ашады. Бұл мамандықпен салыстырмалы түрде аз адам айналысады, бірақ осы жолға түскендерге жұмыс қызықты, ал жұмысқа қанағаттану деңгейі жоғары.

Экономистер жеке фирмаларда, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда жұмыс істейді.

Экономист алуан түрлі жұмыспен айналысады, бірақ жалпылай айтқанда, ресурстарды, тауарлар мен қызметтерді өндіру және пайдалану туралы деректерді жинайды және талдайды; болашақ үрдістерді болжайды; ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану тәсілдерін зерттейді.

Экономист мамандығының дипломы «аналитик» деп аталатын бірқатар жұмыс орындарына есік ашады. Осы жұмыс орындарының үшеуі — нарық аналитигі, қаржы аналитигі және бюджет аналитигі кеңінен тараған.

Нарық аналитигі сатып алу үлгілері туралы деректермен жұмыс істейді. Сатып алушылар оған




төлеуге дайын өнімнің ықтимал табысы мен бағасын болжауға тырысады.

Қаржы аналитигі акциялар мен облигациялардың пайыздық мөлшерлемелері мен бағаларының үрдістері мен ауытқуларын зерделейді. Қарыз алу шығынын және инвестиция қайтарымын болжауға тырысады.

Бюджет аналитигі ұйым қаржысының қозғалысын — түсімдері мен төлемдерін — қадағалайды. Келешектегі қаржы ағындары болжамын қамтитын бюджеттік жоспар дайындайды.

Экрандағы суретте АҚШ-та экономика мамандықтары бойынша жұмыспен қамтудың ауқымы мен бөлінуі көрсетілген.



Экономика мамандығы бойынша қызметтер:
Market research analyst 58% — нарық аналитигі.
Economist 3% — экономист.
Budget analyst 7% — бюджет аналитигі.
Financial analyst 32 — қаржы аналитигі.

«Экономика» мамандығы бойынша жұмыс орындарының көпшілігі нарықты зерттеумен (58%) және қаржымен (32%) байланысты. Ақпарат дереккөзі: bureau of labor statistics.

Экономикалық мамандыққа жататын жұмыс орындары өсе ме?

Болашақ қашан да бұлыңғыр, жоспарлаған нәрсе үнемі орындала бермейді. Бірақ ұзақ мерзімді жоспардың пайдасына таңдау жасаған кезде болашаққа көз жүгіртпесек болмайды. АҚШ еңбек статистикасы бюросының экономистері (the BLS) кейбір болжамдарды ұсыну үшін барлық мүмкіндіктер жасады.

BLS 2014 жылдан бастап 2024 жылға дейін жұмыс орындарының басым көбінде жұмыспен қамтудың өсуін болжайды. Жұмыс орындарының орташа өсімі 2014 жылы 7%-ды құрайды. 2024 жылы әр 100 жұмыс орнына 107 адамнан келеді.

Экономика ғылымдарының Ph.D дәрежесі бар адамдар үшін жұмыс орындары, болжам бойынша 6%-ға өседі. Бұл өсім орташа жұмыс орындарына қарағанда сәл баяу, себебі экономистер үшін мемлекеттік жұмыс орындары қысқарады деп күтілуде.

Бюджет аналитигі жұмыс орындары 2%-ға өседі деп күтілуде, себебі бұл жұмысты жасанды интеллектпен алмастыру оңай. Бірақ қаржы аналитигі үшін жұмыс орындары 12%-ға, ал маркетингтік зерттеу аналитигі үшін 19%-ға өседі деп күтілуде.

Ешқандай кепілдік болмаса да, бұл болжамдар экономикада мамандануды таңдаған адамдардың болашағы жарқын екенін білдіреді.

Экономика саласы қызметкерлерінің жалақысы


Экономика саласы қызметкерлерінің жалақысы қызметіне және біліктілік деңгейіне байланысты. payscale.com уеб-ресурсы барлық типтегі экономистер үшін төлем диапазоны \$ 41,226-дан бастап \$124,177-ға дейін, орташа жалақы \$ 72,279 екенін айтады.



Экономика саласына маманданып, докторлық дәрежесін қорғамақ болып жүрген және экономист ретінде жұмыс істейтін адам жылына шамамен 100 000 доллар табуға тиісті. Қаржы, сақтандыру және мемлекеттік қызмет саласында жұмыс істейтін экономистер орта есеппен жалақыдан көп табыс табады.

«Аналитиктердің» еңбекақысы төменірек. Орташа есеппен маркетингтік зерттеулер аналитигі жылына \$62,000, қаржы аналитиктері жылына \$80,000 алады.

Суреттен экономика факультетінің түлектері жалақы ставкалары жоғары көрсеткішке жақын, бірақ көрсеткіш басында емес екенін көресіз. Тек химиялық инженерия және қолданбалы математика саласында маманданған түлектердің орташа жалақысы экономистердікінен асады.



Экономикалық мамандықтар үшін қажетті дағдылар

Жұмыс беруші экономикамен байланысты жұмыс іздеген үміткерден қандай дағдылар көргісі келеді? Бес дағды қажет. Олар:

- Сыни ойлау дағдылары. Логика мен тиісті дәлелдерді пайдалана отырып, проблемаларды шешу және түсіндіре білу.
- Аналитикалық дағдылар. Деректерді зерттеу үшін экономикалық идеялар мен құралдарды пайдалану, заңдылықтарды анықтау және логикалық тұжырым жасау.
- Математикалық дағдылар. Деректерді талдау үшін математикалық және статистикалық құралдарды қолдана білу және толыққанды қорытынды жасай білу.
- Жазу дағдылары. Мақсатты аудиторияға идеяларды, тұжырымдар мен себептерді жазбаша қысқа баяндай білу.
- Ауызекі коммуникация дағдысы. Экономика саласында тәжірибесі шектеулі адамдардың идеяларын, тұжырымдары мен себептерін түсіндіру қабілеті.

Бұл дағдыларды (соңғысынан басқасын) BLS экономистері дайындаған «кәсіби болжам» анықтамалығынан көре аласыз. Бұл экономистер жұмыс орындарының басқарылатын бірқатар негізгі ерекшеліктеріне шоғырландыру үшін өз сыни ойлау дағдыларын пайдаланды. Содан кейін олар жұмыс орындарының көптеген санаттары үшін табыс және жұмыспен қамту туралы тиісті мәліметтер жинады. Математикалық және экономикалық құралдар пайдалана отырып, деректерді талдады. Келешекте жұмыс орындарының көбеюін болжады. Содан кейін олар өз нәтижелерін ғаламтордың <https://www.bls.gov/ooh> деген жерінде көрсетті.

Экономика қоғамдық ғылым мен саясат құралы ретінде

Экономика—қоғамдық ғылым және саясат мәселелері бойынша кеңес беретін құрал.

Экономистер әлеуметтік зерттеушілер ретінде екі типті ұйғарыммен бөліседі:

Позитивті экономика – нақты фактілерді сипаттайды. Қазіргі таңда қандай жағдай, не болды және болашақта не болады. Экономистердің басты міндеті—экономикалық әлемнің қалай жұмыс істейтіні туралы позитив тұжырымдарды тексеріп, дұрыс еместерін алып тастау. Экономика алғаш рет 1700-жылдардың соңында аяққа тұрды. Ол мысалы, физикамен салыстырғанда жас ғылым, ашылмаған тұстары әлі де көп.



Нормативті экономика – қандай болу керек екенін сипаттайды. Жақсы немесе жаман, көп немесе аз. Мысалы, «біз көмірді пайдалануды 50%-ға қысқартуымыз керек» — бұл норматив саясат тұжырымы. Сіздің онымен келісуіңіз де, келіспеуіңіз де мүмкін, бірақ оны тексере алмайсыз. Ол тексеруге болатын фактіні растамайды.

Себеп пен салдарды ашып көрсету. Экономистер себеп пен салдарлар туралы позитив тұжырымдарға ерекше мүдделі. Адамдар компьютерлерді көптеп сатып алып жатқандықтан олар арзандады ма? Немесе компьютерлер арзан болғандықтан адамдар оларды көп көлемде сатып алып жатыр ма? Компьютердің арзандауына және сатып алынған компьютерлер санының артуында қандай да бір үшінші фактор бар ма?

Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін экономистер экономикалық модельдер құрып, оларды тестілейді. Экономикалық модель — қойылған мақсатқа жету үшін қажетті функцияларды ғана қамтитын экономикалық әлемнің кейбір аспектісінің сипаттамасы. Модельдің болжамдары фактілермен салыстыру арқылы тестіленеді. Бірақ экономикалық модельді тестілеу қиын, себебі біз көптеген факторлардың бір мезгілде өзгеруінің нәтижелерін байқаймыз. Осы мәселені шешу үшін, экономистер корреляция табу үшін статистикалық зерттеулер жасайды. Адамдарды шешім қабылдау жағдайына енгізе отырып, олардың қалай іс-әрекет ететінін білу үшін бір фактордың әсерін түрлеп, экономикалық сынақтар жүргізеді.